



Бекітемін  
Мектеп директоры  
Б.Сейтқазиев

«С.Сейфуллин атындағы жалпы жалпы білім беретін мектебі» КММ  
2023-2024 оқу жылы, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті  
қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысының жоспары

№	Атқарылатын жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Оқушылар арасында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шара жоспарын бекіту	Қыркүйек	А.Бейсембиев
2	Мектеп кітапханаларында үнемі жаңартылып тұратын «Парасатты азамат» бұрышын құру	Қазан	М.Құлыншақова
3	Мектеп оқушылары арасында «Жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыбында сурет көрмесін ұйымдастыру	Қазан	Пән мұғалімі
	9-11 сыныптар арасында «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында пікірталас ұйымдастыру	Қараша	Құқықтық оқу негіздері пәні мұғалімі
	«Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» оқушылар арасында сурет байқауы	Қараша	Пән мұғалімі
	«Парақорлық -мәдениетсіздіктің көрінісі» сынып сағаттары	Қараша	Сынып жетекшілері
	Мектеп оқушылары арасында «Мемлекеттік қызмет- елдің мүддесіне адал еңбек» эсселер жазу	Желтоқсан	Қазақ тілі мен әдебиет ПӘБ
	Жоғары сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлық қылықтары мен зардаптары», «Тәртіпке бағынған құл болмас!» тақырыптарында дебаттық пікірталас	Қаңтар	А.Бейсембиев Сынып жетекшілері
	Сыныптан сыныпқа көшу және мемлекеттік емтихан тапсыру барысында «Таза білім» акциясын өткізу	Мамыр	9-11 Сынып жетекшілері
	«Сыбайлас жемқорлықсыз қоғам орнату мүмкін бе?» атты құпия сауалнамалар \8-10 сыныптар\	Қараша Ақпан	А.Бейсембиев Педагог-психолог Г.Алтаева

Орындаған: А.Бейсембиев

С.Сейфуллин атындағы жалпы білім беретін мектебі КММ бойынша, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұжырымдама іс-қимыл жөнінде өткізілген жиналыстың

## ХАТТАМАСЫ

18.09.2023

Жуантөбе ауылы

### Күн тәртібінде

Мектепте Қазақстан Республикасы Президентінің № 986 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңын насихаттау және құқық бұзушылықтың алдын алу туралы.

### Тындалды

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, ұжымға мектеп директоры Б.Сейтказиева таныстырып өтті. Аталған мәселе бойынша сөз алған мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Бейсембиев өз баяндамасында:

ҚР Егемендігін алып, дербес мемлекет болғалы еліміздің экономикалық және әлеуметтік жағдайын көтеру, мемлекет аралық мәселелерді шешу, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мақсатында және оларды іске асыру үшін бірнеше заңдар қабылданды. Солардың бірі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2-шілдесінде қабылданған №267 Заң. Оның 1-бабының 1-тармағында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау, олардың жолын кесу және ашу, зардаптарды жою және кінәлілерді жауапқа тарту мемлекеттік органдардың мемлекеттік міндетті атқаратын лауазымды және басқа адамдардың, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдардың, тиімді қызметін қамтамасыз етуге бағытталған және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін айқындап, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың түрлерін, сондай-ақ жауаптылықтың пайда болатын жағдайларын белгіленген. ҚР Президентінің 2009 жылдың 22-сәуіріндегі «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау органдарының қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» №791 жарлығының қабылдануы және ҚР Президентінің №986 жарлығымен бекітілген 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын насихаттау күрес саласындағы саясатты одан әрі қуаттандырудың көрінісі болып табылады. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, заң аясында іске асатынын айта кетті.

Жиналыс төрағасы  
Хатшы

Б.Сейтказиева  
П.Нұрхалықова